

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН

Жоспары

- Әбілқайыр хандығының құрылуы
- Этникалық құрамы
- Әбілқайыр хандығының нығаюы
- Хандықтың әлсіреуі

Әбілқайыр хандығының құрылуы

15 ғасырдың 20 жылдарында Ақ Орданың ыдырауына байланысты Жошы әулетінің арасында феодалдық қырқыс басталады.

Қазақстанның орталық, батыс және солтүстік-батыс аудандарында тәуелсіз иеліктер пайда болады. Осы тәуелсіз иеліктер тайпаларының билеушілерінен қолдау тапқан Әбілқайыр тартыста жеңіп шығып, 1428 жылы *хан* сайланды. Әбілқайыр - Жошы ханның бесінші ұлы Шайбани ханның ұрпағы.

ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

- Хандықтың алғашқы кездегі халқының құрамы Батый ханның Шайбани ханға найман, бүйрүк және қарлұқ тайпаларын қосып беруінен түрік тілдес болғандығы байқалады. Екінші бір басты дерек, Әбілқайырды хан сайлағанда жиырмадан астам тайпалардың өкілдері қатынасқан. Олардың ішінде атақты қият, маңғыт, өкіреш найман, үйсін, қоңырат сияқты басқа да көптеген түрік тілдес ру-тайпалар болған. Ал *Тоқсан екі баулы өзбек* деген шежіреге қарағанда, Өзбек ұлысы немесе Әбілқайыр хандығы 92 ру-тайпадан тұрған. Тарихшы Рузбиханның жазуы бойынша, бұл хандық негізгі үш халықтан – шайбанилерден, қарақалпақтардан, қазақтардан тұрған. Олардың ең көбі және ержүректері қазақтар еді дейді.

Әбілқайыр хандығының нығаюы

- Әбілқайырды көптеген ру-тайпалардың өкілдері қолдап, хан сайлағанмен, оның құрған хандығының ішінде әлі де болса жер үшін, ел үшін, билік үшін талас – тартыс күшейіп тұрды. 1431 жылы Тоқа – Темір ұрпақтарына қарсы шайқас Екіретүп деген жерде болып, Әбілқайыр хан жеңіске жетеді. Одан кейін Батый ханның астанасы болған Орда-Базарды бағындырып, оны өзінің орталығы етеді. Оған дейін астана Тура қаласы болған. Әбілқайыр хан 1446 жылы Атбасар маңында Мұстафа ханды тас – талқан етеді.

Хандықтың әлсіреуі

- Әбілқайыр 1456-1457 жылдары Сығанақ қаласы түбегінде Үз-Темір тайшы бастаған ойраттармен соғыста жеңіліп қалады. Хан бұл аймақты тастап, Дешті Қыпшақ жеріне кетуге мәжбүр болған. Әбілқайыр хан өзінің жеңілісін ішкі бақталастық пен қайшылықтардың шиеленісуінен көріп, мемлекеттің күш-қуатын арттыруды қарастырады. Өзіне бағынбай, Жетісу аймағына Моғол хандығының жеріне ауып кеткен Жәнібек пен Керей сұлтандарды жазалауды ойластырады. Осы оймен 1468 жылы Моғол хандығына қарсы жорыққа шығады. Жорық кезінде Әбілқайыр хан Алматы маңындағы Аққыстау деген жерде қайтыс болады.